АТҚАРУ КОМИТЕТІ ҚАУЛЫ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

02.10.2026 жыл **№ 11, 5-т.**

«Шығыс Қазақстан облысының оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» ҚБ кәсіподақ органдары жұмысының кешенді зерделенуінің нәтижелері туралы.

Орталық комитет аппараты ұйымдастыру бөлімінің басшысы Е.С. Иманбаевтың «Шығыс Қазақстан облысының оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» ҚБ кәсіподақ органдарының жұмысын кешенді зерделеу нәтижелері туралы» ақпаратын тыңдап және талқылай келе, Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының Атқару комитеті келесіні атап өтеді:

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы сайланбалы органдары мен Орталық комитеті аппаратының 2026 жылға арналған Перспективалық жұмыс жоспарына сәйкес 2026 жылғы 22-23 қыркүйек аралығында Орталық комитет аппараты қызметкерлерінің тобы «Шығыс Қазақстан облысының оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» ҚБ (әрі қарай – Облыстық ұйым) кәсіподақ органдарының жұмысын кешенді зерделеуді жүзеге асырды.

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Облыстық ұйым 13 филиал мен 547 бастауыш кәсіподақ ұйымын біріктіреді, олардың қатарында 31 577 кәсіподақ мүшесі бар, оның ішінде 29 968-і – жұмыс істейтіндер.

Кәсіподақ органдары өз жұмысын жұмыс жоспарларына сәйкес құрады. Бір жылға арналған жұмыс жоспарлары кәсіподақ активінің ұсыныстарын ескере отырып, жыл сайын желтоқсан айында облыстық комитеттің отырысында бекітіледі. Қабылданған бір жылдық жұмыс жоспары орындау үшін барлық құрылымдық бөлімшелерге жеткізіледі.

Облыстық ұйымда алқалы сайланбалы басқару органдарының отырыстарын өткізу мерзімділігінің жарғылық талаптары орындалады. Отырыстарда кәсіподақ органдары қызметінің негізгі бағыттары бойынша мәселелер қарастырылады. Кәсіподақтың Съезі, Пленумдары, Атқару

комитеті қаулыларының және Облыстық ұйымның басшылық органдары қаулыларының орындалуын бақылау жұмысы тиісті деңгейде ұйымдастырылған.

Облыстық ұйымды ұйымдастырушылық және кадрлық тұрғыдан нығайту жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп отырады. Кәсіподақ кадрлары мен активін оқытуға тиісті назар аударылады. Жастармен жұмыс жақсы жолға қойылған. Семинарлар, форумдар, спартакиадалар, слеттер және басқа да іс-шаралар тұрақты түрде өткізіліп тұрады.

Әртүрлі коммуникация арналары мен форматтары арқылы жүзеге асырылатын ақпараттық қызмет кәсіподақ мүшелерін хабардар етуге және оларды ұйымның жұмыс процесіне тартуға, сондай-ақ, білім беру саласы қызметкерлерінің құқықтары туралы мағлұмат таратуға бағытталған іс-шаралардың кең ауқымын қамтиды.

Кәсіподақ органдары кәсіподақ кадрлары мен активін моральдық және материалдық көтермелеу шараларын кеңінен қолданады.

Кәсіподақ мүшелерін есепке алу, қызметтің барлық бағыттары бойынша есептілік Кәсіподақтың Атқару комитетінің ұсынымдары мен талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Барлық деңгейдегі кәсіподақ органдарының алдына абсолюттік басымдық ретінде сала қызметкерлеріне тиімді өкілдік ету және олардың құқықтарын қорғау міндеті қойылады.

Облыстық ұйымда әлеуметтік әріптестік механизмдерін жетілдіру бөлігінде жүйелі жұмыс жүргізіледі. «Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы» ММ мен «Шығыс Қазақстан облысының оқу-ағарту, ғылым жне жоғары білім қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» ҚБ арасында 2024-2026 жылдарға арналған Әлеуметтік әріптестік туралы келісімге қол қойылды және ол қолданыста екенін атап өтеміз, онда мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлеріне қолданыстағы еңбек заңнамасымен салыстырғанда неғұрлым қолайлы еңбек жағдайлары белгіленген. Ережеге сәйкес әлеуметтік әріптестік жөніндегі салалық өңірлік комиссия құрылды, оның жұмысы жыл сайын бекітілетін жоспар негізінде жүргізіледі. Кәсіподағы бар барлық еңбек ұжымдарында ауқымды әлеуметтік пакетті қамтитын ұжымдық шарттар жасалған. Жұмыс берушілердің келісім және ұжымдық шарттар жағдайлары бойынша міндеттемелерді орындауы Облыстық ұйымның бақылауында.

Құқық қорғау жұмысын ұйымдастыру оң бағаға лайық. 2023 жылы кәсіподақ заңгерлері кәсіподақ мүшелерінің әртүрлі мәселелер бойынша – 952, 2024 жылы – 426, 2025 жылы – 496 өтінішін қарады.

Құқықтық қызметтің көмегімен заңсыз жұмыстан босатылған қызметкерлер өз қызметіне қайтадан орналастырылды: 2023 жылы – 1 қызметкер сот арқылы, 1 қызметкер жұмыс берушімен келіссөздер жүргізу арқылы; 2024 жылы – 2 қызметкер келісу комиссиялары арқылы.

Келіссөздер жүргізу арқылы қызметкерлерді жұмыстан заңсыз босатудың алды алынды: 2024 жылы – 2, 2025 жылы – 1.

Құқық қорғау қызметінде жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын орындауына қоғамдық бақылау жасау мүмкіндіктері белсенді түрде қолданылады. Өткізілген тексерулер: 2023 жылы – 70; 2024 жылы – 76, 2025 жылы – 48. Жүргізілген бақылау іс-шараларының нәтижелері бойынша тиісті актілер жасалып, оларда анықталған бұзушылықтар мен оларды жою жөніндегі ұсыныстар көрсетілді.

Білім беру ұйымдарын қоғамдық бақылаумен қамту төмендегідей көрсеткішті құрады:

2023 ж.	**2024 ж.**	**2025 ж.**
14,5 (81/538)	**13,9 %** (76/545)	**8,7%** (48/551)

Кәсіподақ органдарының талабы бойынша заңсыз ұсталған немесе төленбеген ақша сомалары қайтарылды: 2024 жылы – 37 179 124 теңге, 2025 жылы – 77 220 229 теңге.

Жеке еңбек дауларын шешу жөніндегі келісу комиссияларының мүшелерін еңбек заңнамасы негіздеріне оқыту белсенді түрде жүргізіледі.

Кәсіподақ активіне әдістемелік және құқықтық көмек көрсету мақсатында Облыстық ұйым еңбек заңнамасының өзекті мәселелері бойынша әдістемелік ұсынымдар мен жадынамалар (памяткалар) әзірлейді.

Кәсіподақ органдары салалық ұйымдар қызметкерлері үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша белгілі бір жұмыстар жүргізеді.

Кезең	**Өндірістік кеңестер**	**Техникалық инспекторлар**	**ЕҚжЕҚ бойынша оқудан өткендер**
2023 жыл	538	538	143
2024 жыл	545	545	257
2025 жыл	549	549	257

Кәсіподақ активі мен қызметкерлерді құқықтық оқыту жүзеге асырылады. Еңбек заңнамасы, әлеуметтік әріптестік, жеке еңбек дауларын шешу, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша семинарлар, кеңестер мен оқыту іс-шаралары тұрақты түрде өткізіліп тұрады.

Облыстық ұйымның кәсіподақ органдары қаржылық тәртіпті нығайту, бухгалтерлік есеп жүйесін жақсарту бойынша жұмыс жүргізеді. Кәсіподақтық мүшелік жарналарды жинау және оларды бөлу мәселелері алқалы органдардың отырыстарында жүйелі түрде қаралады. Бухгалтерлік есеп «1С: Кәсіпорын - Бухгалтерия 8.3» бағдарламасын жүргізеді.

Облыстық ұйымда бастауыш кәсіподақ ұйымдарындағы кәсіподақтық мүшелік жарналардың толық жиналуына тексерулер жүргізіледі, кәсіподақ құрылымдарының қаржылық мүмкіндіктеріне талдау жасалады.

Облыстық ұйымда іс қағаздарын жүргізу және кадр құжаттамасы Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық

кәсіподағының Атқару комитетінің 2024 жылғы 22 ақпандағы қаулысымен бекітілген Кәсіподақ органдарында іс қағаздарын жүргізу және жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі.

Облыстық ұйымның кәсіподақ органдарының жұмысын кешенді зерделеу барысында жекелеген кемшіліктер мен олқылықтар анықталды.

Жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын, келісімдер мен ұжымдық шарттардың жағдайларын орындауына қоғамдық бақылау жасау көрсеткіштері төмен деңгейде қалып отыр, қызметкерлердің құқықтарын бұзудың алдын алу бойынша шаралар қабылдай отырып, білім беру ұйымдарында жүргізілетін бақылау тексерулерінің санын айтарлықтай арттыру талап етіледі.

Қаржы мәселесінде орын алған бұзушылықтар айрықша назар аударуға тұрарлық. Бухгалтерлік есеп қағидалары талаптарының бұзылуын дереу жою талап етіледі.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Шығыс Қазақстан облысының оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» ҚБ кәсіподақ органдарының жұмысын кешенді зерделеу нәтижелері туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. Кәсіподақ басшылығы (А.М. Мұқашева, В.Ф. Беженаров) кешенді зерделеу барысында анықталған кемшіліктерді жою мақсатында Облыстық ұйымға ұйымдастырушылық және әдістемелік көмек көрсетсін.

3. Облыстық ұйымның басшылық органдары:

3.1. Барлық филиалдар мен бастауыш ұйымдарда жұмысты кешенді зерделеу материалдарының таныстырылуын қамтамасыз етсін, аталған кемшіліктер мен олқылықтарды жою бойынша кезек күттірмейтін шаралар қабылдасын.

3.2. Әлеуметтік әріптестік жүйесінің тиімділігін арттыруға шаралар қабылдасын. 2026 жылғы 1 қарашаға дейінгі мерзімде өңірлік салалық келісім мен ұжымдық шарттар жасасу бойынша келіссөздердің басталуына бастамашылық жасасын, келіссөздер барысында қызметкерлердің еңбек жағдайларын жақсартуға, оларды әлеуметтік қорғау деңгейін арттыруға қол жеткізсін.

3.3. Жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын сақтауына қоғамдық бақылау жасалатын білім беру ұйымдарының санын арттыру бойынша қосымша шаралар қабылдасын. Жүргізілетін тексерулердің тиісті сапасын және қызметкерлердің құқықтарын бұзудың анықталған фактілерін сөзсіз жоюды қамтамасыз етсін.

3.4. Кәсіподақ органдарының жұмыс тәжірибесіне озық цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні енгізу бөлігінде Кәсіподақтың Орталық және Атқару комитеттерінің қаулыларын орындауға шаралар қабылдасын.

3.5. Облыстық ұйымды ұйымдастырушылық тұрғыдан нығайту жұмысын жалғастырсын. Мотивациялық жұмыс кәсіподақ органдары қызметінің басты басымдығы ретінде саналсын. Ақпараттық жұмыс пен кәсіподақтық оқытуды ұйымдастыру жұмысын жандандырсын.

3.6. Қаржылық тәртіптің жағдайы, Бухгалтерлік есеп қағидалары талаптарының сақталуы, кәсіподақтық мүшелік жарналардың толық жиналуы және бөлінуі үшін барлық деңгейдегі сайланбалы кәсіподақ органдарының жауапкершілігін арттырсын. Барлық кәсіподақ ұйымдарының бақылау-тексеру комиссияларының тиісті жұмысын қамтамасыз етсін.

4. Облыстық ұйымның төрағасы Н.Б. Қасенова **2027 жылғы 5 қаңтарға дейінгі мерзімде** Кәсіподақтың Орталық комитеті аппаратына кешенді зерделеу барысында берілген ұсыныстар мен ұсынымдардың орындалуы туралы жазбаша ақпарат ұсынсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға **А. Мұқашева**